лық ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ı ТУЫ

ң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
алық КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

враль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тиын

## 1 *Март—еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы күні.*

**Совет халқы жергілікті Советтердің сайлауын туысқан Коммунистік партияның төңірегіне, данышпан көсеміміз және ұстазымыз ұлы СТАЛИННІҢ төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасумен қарсы алады.**

## тия
## міндеті

саяси және
қоғамының об-
ық бюро, облыс-
ндық газеттер
алмай келеді.
е ғылми білім-
галады. Кейде
лық-теориялық
зеттер идеоло-
ы мәселелерін
Осы сияқты,
тын облыстық
лең талаптың

, кинолондыру
а және спорт
тарын партия
е сай ұйымдас-
ен оқу үйлері,
дениет үйлері
ени-ағарту жұ-
ежесі жоғары
р. Ал, облыс-
тшылыққа көр-
ының көркем-
атр коллективі
нның кеңінен

### Коммунистер мен партияда жоқтардың Сталиндік блогінің кандидаттары

# Монтажшы Нұрания

Нұрғалиева Нұрания совет мектебінде оқып білім алған, өзінің қажырлы еңбегімен өндіріс озаты деген абройлы атаққа ие болған совет жастарының бірі. 1941—1942 оқу жылында Ленин орта мектебінің 9 класын бітіргеннен кейін Нұранияның әкесі Меңліхан майданға аттанады.

1942 жылы — Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарының бірі еді. Бүкіл совет халқы өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін неміс фашистерін талқандау күресіне жұмылдырды.

Бір күні Нұрания Киров атындағы заводтың дирекциясына келіп:

— Мен жұмыс істеп, еліме, Қызыл Армияның жауынгерлеріне өз көмегімді көрсеткім келеді. Мені жұмысқа алуларыңызды өтінемін, —деді.

—Тілегіңіз орынды. Тоғызыншы класты бітірген адамға техниканы меңгеру ісінде де көп жеңілдік болады. Кәзіргі жағдайға байланысты жұмыстың ауыр болатындығын алдын-ала ескертуді жөн деп есептеймін. Әлі жассыз ғой,—деп салмақтап жас қызды ойландыратындай сөздер айтты.

Бірақ, қиыншылықтардан тайсалмауға білсең мамандығыңды жетілдіре бересің де, еңбек қарқыны үдей береді,—деді мастер Темерин Нұранияның өз бойындағы ынта-жігеріне сенімін күшейте түсуі үшін. Мұнан кейін бірнеше рет мастер Нұранияға



рядты монтажшы деген атаққа ие болып, абройға бөленді.

Нұрания бұл жылдары ондаған адамдарды өнімді еңбек етуге үйретті. Оның шәкірті Воронина байқаушы-монтажшы деген мамандық алды. Сол сияқты Нұранияның шәкірттерінің бірі Тамара Смирнова да заводтың таңдаулы стахановшысы болып алды.

...Неміс фашистері мен жапон империалистері талқандалды. Бейбіт еңбек басталды. Халық шаруашылығын қалпына келтірудің сталиндік жаңа бесжылдық жоспары жасалды. Жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресіне миллиондардың бірі болып, Нұрания Нұрғалиева да қатысты.

—Киров атындағы заводта қатардағы жұмысшы, монтажшы болып жұмыс істегеніме,—дейді Нұрания Нұрғалиева жолдас, —10 жылдан артық уақыт болды. Осы мерзімнің ішінде сменалық, айлық жылдық тапсырмаларды үнемі артығымен орындап келемін. Өнімнің сапасын да сондай жақсарттым. Кәзір совет халқы барлық күш-мүмкіншіліктерін елімізде ком-

*Көктемгі егіске әзірлік*

## Тоқшындықтардың үлгілі ісі

Тоқшын совхозының коллективі жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жүргізуде.

Егіс жұмыстарының табысты өткізілуі машина-трактор паркінің толық қуатымен жұмыс істеуіне байланысты екенін ескерген совхоз механизаторлары машиналарды жөндеуді дер кезінде қолға алып, ойдағыдай ұйымдастырып келеді.

Мұнда жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізіледі. Цехтар мен тораптарды басқаруға тәжрибелі механизаторлар бөлінген. Механизаторлар жөндеу құрал-жабдықтарымен, материалдармен жеткілікті қамтамасыз етілген. Сондықтан олар сменалық тапсырманы үнемі орындап отырады. Соның нәтижесінде совхоз тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің тоқсандық жоспарын артығымен орындап шықты. Сондай-ақ жөндеу жұмысының күндік, бесқүндік графигін январь, февраль айларында да мінсіз орындап келеді.

